

**"Ұйымдар мен мемлекеттік органдар сатып алатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтудың кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 1284 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Ұйымдар мен мемлекеттік органдар сатып алатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтудың кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Ұйымдар мен мемлекеттік органдар сатып алатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 3) тармақшасына сәйкес ұйымдар мен мемлекеттік органдар тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтудың үлесін арттыру, сондай-ақ осы саладағы мемлекеттік органдардың қызметін ретке келтіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1 . М ы н а л а р ғ а :

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне:

Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын ұйымдар мен мемлекеттік органдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтудың (бұдан әрі - қазақстандық қамту) үлесін ұлғайту жөніндегі мемлекеттік саясат шараларын пысықтау және іске асыру;

қазақстандық қамту мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және әдіснамалық қамтамасыз ету;

бірлесіп бекітілген нысандар негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі жыл сайын (30 қаңтардан кешіктірмей) ұсынатын қазақстандық қамту бойынша жалпы ақпаратты жинақтау мен талдауды қамтамасыз ету;

белгілі бір тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге сұранысты талдау қорытындылары бойынша қазақстандық қамтудың үлесін ұлғайту жөнінде шаралар **ә з і р л е у** ;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуында қазақстандық қамтудың

мониторингі, сондай-ақ тиісті ұйымдар беретін жүргізілген, жүргізілетін және келесі жылға жоспарланатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы а қ п а р а т т ы т а л д а у ;

ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, олардың еншілес және аффилиирленген компанияларының, мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың сатып алуындағы қазақстандық қамтуды бақылау және оның мониторингі және бұзушылықтар анықталған жағдайда шаралар қабылдау;

облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесін қалыптастыруы жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылық ету ;

тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде Қаржы, Энергетика және минералдық ресурстар министрліктерімен бірлесіп, қазақстандық қамту есебінің әдістемелерін әзірлеу және бекіту;

ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамту бойынша ақпараттар беру нысандарын бекіту;

қазақстандық өндірушілер өндірген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің, олардың өндірушілері мен тұтынушыларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалау өлшемдерін әзірлеу және бекіту;

офсеттік саясаттың іске асырылуына әдістемелік басшылық ету және бақылау ж ө н і н д е г і ф у н к ц и я л а р ;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне - жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жүзеге асыруға ұсынатын жүргізілген , жүргізілетін және есепті кезеңнен кейінгі келесі жылға жоспарланған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы ақпаратты жинау және талдау ж ө н і н д е г і ф у н к ц и я л а р ;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына ұйымдардан Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі бекіткен нысандардың негізінде сәйкес қазақстандық қамту бойынша ақпараттар жинау, талдау және оларды осы министрлікке беру жөніндегі функциялар б е р і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің:

жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін

қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалау
өлшемдерін әзірлеу және бекіту;

жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен
қызметтер туралы есептің және алдағы жылға тауарлар, жұмыстар мен қызметтер
сатып алудың жылдық бағдарламасының нысандарын бекіту;

жер қойнауын пайдаланушылардан және (немесе) жер қойнауын пайдаланушылар
уәкілеттік берген тұлғалардан жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу
үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алуды жүзеге асыруды, өндірілетін
және өндірілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы ақпаратты сұрату жөніндегі
функцияларын беруді қамтамасыз етсін;

2) екі ай мерзімде осы Жарлықтан туындайтын, оның ішінде Қазақстан
Республикасының қазақстандық қамту бөлігіндегі заңдары талаптарының бұзылуына
әкімшілік жауапкершілікті көздейтін заң жобасын әзірлесін және Қазақстан
Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін;

3) Қазақстанда шығарылған өнімдер туралы ақпаратты пайдаланушылар үшін қол
жетімділікті қамтамасыз ететін тиісті электрондық ақпараттық ресурстардың жұмыс
істеуін қамтамасыз етсін;

4) осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*